

III бөлім. Басшылық және бақылау

№	Жұмыс бағыттары (мазмұны, іс-шаралары)	Мерзімдері	Жауапты
1	<p><b>3.1. Педагогикалық кеңестер</b></p> <p>1."2022-2023 оқу жылындағы мектептің жұмысы мен проблемаларын талдау. Педагогикалық ұжым қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттары, міндеттері, бағыттары"</p> <p>2. Жергілікті құжаттарды бекіту</p> <p>3. Оқу жүктемесін бөлу</p> <p>4. Штаттық режимде оқытуды ұйымдастыру</p> <p>5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау</p> <p>6. ББЖМ, PISA, TIMSS жұмыс жоспарларын бекіту</p>	Тамыз	Директор, директордың ТЖ және ОЖ жөніндегі орынбасарлары, ҚМ басшылары
2	<p>1. Оқытуда белсенділік тәсілін ұйымдастыру, білім алуға оқушылардың дербестігін арттыру, әртүрлі апарат көздерімен жұмыс істеу.</p> <p>2. 1, 5 сынып оқушыларын бейімдеу</p> <p>3. 1 тоқсанның қорытындысы</p> <p>4. Қатысқан сабақтарды талдау. Ұсыныстар.</p> <p>5. МДЖ құрылымы бойынша жоспарлаған іс-шаралардың жүргізілуі нәтижелері</p>	Қараша	Директор, директордың ТЖ және ОЖ жөніндегі орынбасарлары, ҚМ басшылары, психолог
3	<p>1. Білім сапасы мектеп жұмысының негізгі көрсеткіші ретінде</p> <p>2. 1 жартыжылдықтағы ӘБ жұмыс жоспарларын орындау</p> <p>3. 9,11 сынып оқушыларының оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру.</p> <p>4. 1 жартыжылдықтағы жұмысты талдау.</p> <p>5. ББЖМ сынақ тесттердің сапасы, нәтижесіне сараптама жүргізу</p>	Қаңтар	Директор, директордың ТЖ және ОЖ жөніндегі орынбасарлары, ҚМ басшылары
4	<p>1. Тәрбие жұмысының жоспарын іске асыру шеңберінде оқушыларда жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру</p> <p>2. 3 тоқсандағы қорытындысы</p> <p>3. 9,11 сыныптарда қорытынды аттестаттауға дайындық</p> <p>4. Қатысқан сабақтарды талдау. Ұсыныстар</p>	Наурыз	Директор, директордың ТЖ және ОЖ жөніндегі орынбасарлары, ҚМ басшылары
5	<p>1. Оқушыларды ауыстыру және қорытынды аттестаттауға жіберу туралы</p> <p>2. 4 тоқсандағы қорытындысы, жыл</p> <p>3. Ағылшын тілінде оқыту бойынша ішінара сүңгу бойынша жұмыстың нәтижелері. физика, информатика пәндері бойынша тіл.</p> <p>4. Жазғы кезеңге мектептің жұмысын жоспарлау</p>	Мамыр	Директор, директордың ТЖ және ОЖ жөніндегі орынбасарлары, ҚМ басшылары, пін мұғалімдері, сынып жетекшілері
6	<p>1. "Негізгі мектеп курсы үшін 9 сынып оқушыларын, орта мектеп курсы үшін 11 сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы"</p> <p>2. Оқушыларды шығару.</p> <p>3. Оқушыларды алдын ала жұмысқа орналастыру</p> <p>4. Мектеп қызметкерлерін марапаттау, көтермелеу</p>	Маусым	Директор, директордың ТЖ және ОЖ жөніндегі орынбасарлары, ҚМ басшылары психолог, 9,11 сынып жетекшілері

## Хаттама №1

23.08.2023 жыл

**Қатысқан мұғалімдер: 15**

**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібі:**

- 1."2022-2023 оқу жылындағы мектептің жұмысы мен проблемаларын талдау. Педагогикалық ұжым қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттары, міндеттері, бағыттары"
2. Жергілікті құжаттарды бекіту
3. Оқу жүктемесін бөлу
4. Штаттық режимде оқытуды ұйымдастыру
5. Педагог қызметкерлерді аттестаттау
6. ББЖМ, PISA, TIMSS жұмыс жоспарларын бекіту "Білім беру ұйымын бағалау критерийлері".

### 1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.А.Ахметова сөз сөйлеп өткен оқу жылының жеткен жетістіктер мен кемшіліктері жайлы сөз қозғап мектептің жаңа оқу жылына жоспар құрмастан бұрын проблемаларға тоқталып, талқыланды.

Басқадағы мәселелер бойынша мектеп директоры Дюсекеева Меруерт Оразалиевна тыңдалды. Мектеп ұжымын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен таныстырды. Жергілікті құжаттарды бекіту, оқу жүктемесін бөлу, оқуды штаттық режимде жалғастыратындығын айтты.

Педагог ызыметкерлерді аттестаттау жайында Ш.Ахметова сөз алды. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімімен таныстырып, олардың жұмыс жоспарларын талқылап бекітті. Педагог қызметкерлерді аттестаттау – білім беру саласының қызметкерлерінің құзыреттіліктерін бағалау, олардың біліктілік талаптарына сай екендігін анықтау, сонымен қызметкерлердің өтініші негізінде көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрі екенін айтты. Сонымен қатар білім беру ұйымының педагог қызметкерлерін аттестаттаудан өткізудің бірыңғай тәсілі бар екенін ескертті. Өздеріңіз білетіндей, ББЖМ (білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі) білім алушылардың білім сапасын бағалаудың негізгі тәуелсіз ұлттық құралы болып табылады. ББЖМ қорытындысы бойынша алынған деректер негізінде әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, әрбір өңір үшін кешенді талдау жасалды. Жүргізілген жұмыстың нәтижелерін тиімді пайдалану үшін ББЖМ қорытындылары бойынша жүйелі сипаттағы шаралар қабылданып жатырмыз. Білім беру мониторингі қорытындылары бойынша бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдары оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелері және PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстары бойынша мұғалімдер мен оқушыларға арналған іс-шара жоспарларын әзірлеу және бекіту «TIMSS, PISA, халықаралық зерттеулерінің бағдарламасы және түсінік оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» бойынша

түсінік жұмыстарын жүргізу. Жетекші мектептер мен магниттік мектептер арасында Білім беру мониторингі қорытындылары бойынша бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдары оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелері н сарапқа салынып жатқаны айтылды.

**Қаулы етті:**

I. Мектеп қызметін бағалау үшін комиссия мынадай құрамда бекітілсін:

Төраға мектеп директоры Дюсекеева Меруерт Оразалиевна;

Комиссия мүшелері

1. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахметова Шахаризада Аскаровна
2. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жакупова Лаззат Кайыркельдиновна
3. Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі Смагулова Жанаргуль Аубакировна;
4. Мектеп кітапханашысы Куанышова Дария Оразғалиевна.

II. Оқу жүктемесі мұғалімдердің оқыту пәндеріне байланысты өолдарындағы құжаттарына сәкес, норматикті актілерге қайшы келмейтіндей етіп жасалсын

III. Педагогтарды аттестаттау ереже бойынша жүргізілсін.

IV. Білім беру мониторингі қорытындылары бойынша бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдары оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелері сарапқа салынсын.

Мектеп директоры  М.Дюсекеева  
Іс жүргізуші:  А.Смаилова



## Хаттама №2

22.11.2023 жыл

**Қатысқан мұғалімдер: 15**

**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібі:**

1. Оқытуда белсенділік тәсілін ұйымдастыру, білім алуда оқушылардың дербестігін арттыру, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу.
2. 1, 5 сынып оқушыларын бейімдеу
3. 1 тоқсанның қорытындысы
4. Қатысқан сабақтарды талдау. Ұсыныстар.
5. МІЖ құрылымы бойынша жоспарлаған іс-шаралардың жүргізілуі нәтижелері

### **1.Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісінің орынбасары Ш. Ахметова сөз сөйледі. Өз бетінше білім алу –білім сапасын көтерудің бірден бір жолы екенін естен кетірмеу қажет. Мұғалімнің алдындағы мақсат оқушының оқуға деген ынтасын көтеру, қызығушылығын арттыру, ал бұл білім сапасын көтеру деген. Сабақты құрудың негізі оқушылардың жұмысын ұйымдастыру. Бұл сабақтың маңызын және әдісін анықтайды. Сондықтан таңдалған әдіс сабақ барысының тиімділігін көрсетеді. Сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде оқушылардың жеке қабілеттерін, білім алу деңгейін тыс қалдырмау қажет. Қиын шығармашылық тапсырмаларды тек қабілеті жоғары оқушыларға беру керек.

2. Екінші мәселе бойынша мектептің психологы Ш.Альжанова сөз алды. Бастауыш сыныпқа өткенде, орта буын сыныбындағы дағдыға бейімделу кезінде балада дағдарыс сипаттары болады. Бастауыш пен орта буын оқуындағы өзіндік қиындықтар шәкірт психикасының өзгеруіне, эмоциональдық сферасын игеруіндегі қиналыстарға әкеліп, оқу-үлгерімінің, психикалық саулығының төмендеуіне әсер етеді. Бесінші сыныпта бейімделу кезеңі олардың мектептегі оқытудың қиын кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл мектеп ортасында және осы жастағы балалардың ішкі әлемінде орын алатын мазмұндық өзгерістер жиынтығымен байланысты.

Осыған байланысты 5-сынып параллелінде диагностикалық минимумның мақсаты жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу кезеңінің қиындықтарын жеңу үшін оқушылардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесі туралы қажетті ақпарат алу; мектеп тәуекел факторларының алдын алу және жою болып табылды.

3. I тоқсанның қорытындысы бойынша әр сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері сыныптары бойынша есептерін берді.

4. Пән мұғалімдер өздерінің қатысқан сабақтары жайлы есеп беріп, сол сабақтарға өздерінің әдістемелік ұсыныстарын айтып, ортаға салып талдады.

5. Бұл тақырып бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.К.Жакупова өз ойын ортаға салды. Жоспарлау-мектептің дамуын жүзеге асыратын, бір деңгейден екінші деңгейге өткізетін, жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға бағытталған үдеріс. Бүгінде жоспарлау бардық басқару функцияларының

ішінде жетекші роль атқарып отыр. Өйткені қазіргі кезде нарықтық жүйе қатынасына енген кезде, жоспарлау басқарудың нағыз қажетті функциясына айналып отыр. Сонымен қатар білім беру ұйымының мақсаты оның әр түрлі кезеңде дамуы үшін, сол кездердегі өзгерістерді ескере отырып түзетулер жасауды талап етеді. Сондықтан жоспарлау функциялар терең түсіну керек және бүкіл әлемдік басқару тәжірибесіне сүйене отырып жоспарлау тиімді. Өйткені кез-келген қызметтің жетістігінің 50% жақсы орындалуы, толық талданған және үйлестірілген жоспарға тікелей байланысты.

**Қаулы:**

1. Сабақ барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде оқушылардың жеке қабілеттерін, білім алу деңгейін тыс қалдырмау.
2. Мұғалімдердің, әкімшілік өкілдерінің сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктеріне бақылау жүргізу.

Мектеп директоры  М. Дюсекеева  
Іс жүргізуші  М. Канапианова



**Қатысқан мұғалімдер: 17**

**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібі:**

1. Білім сапасы мектеп жұмысының негізгі көрсеткіші ретінде түсіну
2. I жартыжылдықтағы ӘБ жұмыс жоспарларын орындау
3. 9,11 сынып оқушыларының оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру.
4. I жартыжылдықтағы жұмысты талдау.
5. ББЖМ сынақ тесттердің сапасы, нәтижесіне сараптама жүргізу

1. Мектеп директоры М.Дюсекеева: Оқушылардың білім сапасын көтеру үшін төмендегі негізгі ұстанымдарды еске сақтау қажет. Оқу тәрбие жұмысын педагогикалық диагностикалық нәтижелеріне байланысты ұйымдастыру әр баланың іс-қабілетін анықтау, сұранысын білу; Басты мақсат – балалардың бойындағы дарындылықты дамыту, шеберлігін арттыру, жеке шығармашылығын қалыптастыру

Мектептегі білім сапасына қойылатын талаптар бірнеше саланы қамтиды: оқу және тәрбие процесі, ғылыми-әдістемелік қызмет және қажетті жалпы және психологиялық жағдайлар. I. Оқу процесі. оқу жоспарының орындалуы; оқушының білім, білік деңгейлері; мұғалім жұмысының нәтижесі; дарынды оқушылармен жеке жұмыс; сабақтан тыс пәндік іс — әрекеттің сапасы.

Білім сапасы мектеп қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Оған педагогикалық теорияның, практиканың заманауи талаптарына сәйкес келетін және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын білімнің маңызды қасиеттерінің жиынтығы кіреді. Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру-бұл функцияның миссиясы мен рөлін терең түсінуді, оның мақсатты бағытын түсінуді және әртүрлі технологияларды игеруді қажет ететін ББ басшысының ең күрделі іс-шараларының бірі.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуын және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әр түрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері, материалдық техникалық базалары, т.б. бойынша анықталады.

Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек білім сапасын көтерудің негізгі тетігі — ұстаз, сондай-ақ, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі, екенін айтты.

2. I жартыжылдықтың білім сапасымен, мақсаттарына жету нәтижелерімен ӘБ жетекшілері өздерінің есептерін мониторинг арқылы көрсетті. Осы қарқынмен жұмыс істеу керек екендігін басты назарда ұстау керектігі айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Аскарарна өз ойын талқылады: - «Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмдік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды» деп сөзін аяқтады.

4. I жартыжылдықтағы жұмысты талдау жасалды. Әр сынып жетекшілер жартыжылда өткізген ашық сабақтары мен ашық тәрбие сағаттарының мақсаттарға жету жолының тиімділігін талдап, жеткен жетістіктерін мониторинг жасау арқылы саралап талдады.

5. **ББЖМ** – білім алушылардың білім сапасын бақылаудың дербес құралы екенін айта кетіп 4 сынып жетекшісі өзінің сыныбы бойынша ББЖМ- ны өткізгенде көрсеткен нәтижелерін салыстырмалы түрде таныстырып талданды. Сонымен қатар 9 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің де осы мониторинг бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстары жайлы талқыланып сараланды. Келесі жұмыстарда бұдан да жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндіктерін алға тартты.

**Қаулы:**

1. Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі — ұстаз екенін белгілі, сол себепті оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі көтерілу мақсатында жұмыстар жүргізілсін.
2. Оқушылар бойында - білімді саналы меңгеру үшін, өз бетімен жаңа білім алуға мүмдік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдері игерілсін.
3. 4-9 сынып оқушыларымен кестеге сәйкес ББЖМ-ға дайындық жүргізілсін.

Мектеп директоры  М.Дюсекеева  
Хатшы  М.Канапианова



## Хаттама № 4

26.03.2024 жыл

**Қатысқан мұғалімдер: 17**

**Қатыспағаны: жоқ**

**Күн тәртібі:**

1. Тәрбие жұмысының жоспарын іске асыру шеңберінде оқушыларда жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру.
2. III тоқсанның қорытындысы
3. 9, 11 сыныптардың қорытынды аттестаттауға дайындығы.
4. Қатысқан сабақтарды талдау. Ұсыныстар

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің директордың ТІ орынбасары Л. Жакупова сөз сөйледі: «Тәрбие жұмысының жоспары іс-әрекетке басшылық бола алады, бұл үшін, ол мектеп оқушыларына тәрбие берудегі нысаналықты, оны мектептің ортақ мақсатына бағындыруды қамтамасыз ететіндей идеялық жағынан мақсатқа бағытталған болуы керек. Барлық жекелеген тәрбие міндеттері мектептің негізгі мақсатын шешуге оқушыларды жан-жақты дамытуға, оларды өмірге дайындауға жәрдемдесетін болуы керек

Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын Біз халық педагогикасы дейміз. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру жолдарын айқындау. Мектептің міндеті - оқушыларға құндылықтар жүйесін қалыптастыру процесі кезінде танымдық іскерліктің өз алдына, оқушының талабына сай қалыптастырып, оларға мектеп қабырғасында ғылыми танымның әдістемелері туралы мағлұмат алуларына жағдай жасап, осы бағытта оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру.

2. III тоқсанның қорытындысы бойынша директордың ОІ орынбасары Ш. Ахметова сөз алды. Осы тоқсан бойынша мектебіміз оқу сапасымен 62% аяқтады. Өткен тоқсаннан 5% төмен нәтиже көрсеткенін нақтылып атап өтті. Келесі тоқсанда бұл кемшіліктерді болдырмау мақсатында пән мұғалімдердің оқу сапасы төмендеп қалған оқушылармен жеке ішінара жұмыс жасау керектігін баса назарда ұстау керектігін айтты. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарына баса назар аударып түзетулер енгізу керектігін тапсырды.

3. 9,11 сынып жетекшілері мен сабақ беретін пән мұғалімдерінің жұмыс жоспары талқыланып, пән мұғалімдерінің қорытынды аттестаттауға дайындығын жайлы жеке-жеке тыңдалды. Алдағы уақытта қандай дайындық жұмыстары жүргізілетіні жайлы өз ойларын ортаға салып, ұсыныстар тыңдалды.



4. Келесі мәселесе бойынша жоғары сынып мұғалімдерінің келесі жылы орта буынға аяқ басатын 4 сынып оқушыларының сабақтарына қатысуы туралы талдау жасалды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім Д.Қуанышова балалардың сөйлеу мәнері, сөз саптауы, оқу техникасы талапқа сай екендігін мақтанышпен айтты. Б. Смагулова математика сабағына қатысып олардың есепті шығару шапшаңдығын, таблицаны жатқа білулерін, мәселесе есептерді шығарудағы логикалық ойлау қабілеттерін, теңдеу шешудің жолдарын бақылауға алғанынын айтты. 2-3 балада осы аталғандарды өз деңгейінде еместігін сынып жетекшісі А.Смагуловаға есертіп кетті. Басқа да ұстаздардың өзара сабақтарға қатысуларында байқалған кемшіліктер мен жетістіктіктер ортаға салынып, талқыланып ұсыныстар айтылды.

**Қаулы:**

1. Мектебімізде ұлттық құндылықтарды насихаттайтын іс-шаралар мен қатар бұрыш ұйымдастырылсын. Әр мұғалім оқу процессінде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін элементтерді енгізісін.
2. Оқу сапасының деңгейін көтеру жұмыстары қолға алынсын.
3. 9,11 сынып оқушыларының дайындығы күшейтілсін.
4. Өзара сабаққа қатысуды бір жүйеге келтірсін

Мектеп директоры

М.Дюсекеева.

Хатшы

М.Канапианова



## Хаттама №5

24.05.2024 жыл

**Қатысқан мұғалімдер: 17**

**Қатыспаған: 0**

**Күн тәртібі:**

- 1."Негізгі мектеп курсы үшін 9 сынып оқушыларын, орта мектеп курсы үшін 11 сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы"
- 2.Оқушыларды шығару.
- 3.Оқушыларды алдын ала жұмысқа орналастыру
- 4.Мектеп қызметкерлерін марапаттау, көтермелеу

### **1.Тыңдалды:**

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары Ш.А.Ахметова сөз сөйлеп негізгі мектеп курсы үшін 9 сынып оқушыларын, орта мектеп курсы үшін 11 сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы айтылды. Биылғы оқу жылында 9 сынып аяқтайтын үш оқушы бар, үшеу де ұл балалар, бір оқушы Амантаев Назар екпінді, қалған екеу үлгерімі төмендеу оқушылар. Емтиханға даярлық кестесі құрылып, мұғалімдерге ескерту жасалды, қай күні өтетінің. 11 сынып оқушылар биыл үш оқушы: бір қыз бала, екеу ұл балалар. Барлық оқушылар екпінді, мектепті «жақсы» бағаға аяқтады. Емтихандың кестесі жасалды. Дайындық бойынша мұғалімдерге ескерту жасалды, орындап жатыр. Биылғы жылында 5, 6, 7, 8 сыныптар қазақ тілінен емтихан тапсырады. Қазақ тілі мұғалімге және оқушыларға дайындық кестесі шығарылды, бекітілді. 27 мамыр 5-6 сынып, 28 мамыр 7 сынып, 30 мамыр 8 сыныптар тапсырады. Барлық емтихан тапсырмалар Астрахан аудан ББ тәңертен 7:30 сағатта электрондық емейла жіберіледі. Емтихан біткеннен кейін хаттамасы толтырылады, Күнделік кзтке балл мен бағалар қойылады.

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Дюсекеева М.О. сөз тыңдалды: биылғы 2023-2024 оқу жылында сыныптан сыныпқа көшіру туралы бұйрық шығарылды. Даярлық сынып 31 мамырға дейін оқытын болғасын, 31 мамыр 1 сыныпқа көшірілсін. 1, 2, 3, 4 бастауыш сыныптар 24 мамыр сыныптан сыныпқа көшірілсін. Ал 5, 6, 7, 8, 9, 11 сыныптар емтихан аяқтағаннан кейін сыныптан сыныпқа көшірілсін. Бірінші тамыз айында барлық оқушылар ҰББД базада сыныптан сыныпқа көшіру.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Дюсекеева М.О. сөз тыңдалды: 11 сынып оқушылар жоғары оқуларға түсуі айтылды. Биылғы 11 сыныпты үш оқушы аяқтап жатыр. Барлық оқушылар «жақсы» бағамен мектепті бітірді. ҰБТ ға түгел қатысады. Ең жоғары балл Шахмашова Жансая 82 алды. Оқушылар таңдау пәндері биология, химия, география, дүние тарих болды. Жоғары оқуларды таңдаған Аграрлық жіне Еуразия ұлттық университеттер.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры Дюсекеева М.О. сөз тыңдалды: биылғы жылдында бізде өте көп мадақтау боп таңылды. Осы мұғалімдер мектепшілік мадақтау қағаздарымен марапатталады.

№	аты-жөні	деңгейі	атауы	қала, жылы
1	Қуанышова Дария Оразғалиевна	Облыстық	Құрмет грамотасы	Көкшетау қ., 2023 ж.
2	Смагулова Балшекер Госмановна	Облыстық	Құрмет грамотасы	Көкшетау, 2023ж
3	Ахметова Шахаризада Аскарловна	Республикалық	СЕРТИФИКАТ	Көкшетау - 2024ж
4	Смаилов Мирас Серикович	Облыстық	Алғыс хат	Көкшетау, 2024ж
5	Смаилов Мирас Серикович	Республикалық	АЛҒЫС ХАТ	АЛМАТЫ 2024
6	Смаилов Мирас Серикович	Облыстық	Құрмет грамотасы	Көкшетау қ., 2023ж
7	Смаилов Мирас Серикович	Облыстық	Құрмет грамотасы	Көкшетау қ., 2023 ж.
8	Смагулова Балшекер Госмановна	Облыстық	АЛҒЫС ХАТ	Көкшетау қ., 2023 ж.
9	Смагулова Балшекер Госмановна	Аудандық	1 дәрежелі	Астрахан, 2024ж.
10	Смагулова Балшекер Госмановна	Облыстық	Құрмет грамотасы	Астана, 2023 жыл
11	Смагулова Балшекер Госмановна	Облыстық	Құрмет грамотасы	Көкшетау, 2024 жыл
12	Смагулова Аяғоз Сериковна	Республикалық	Құрмет грамотасы	Астана - 2023 жыл
13	Смагулова Аяғоз Сериковна	Республикалық	АЛҒЫС ХАТ	Астана қ., 2024 жыл
14	Қабылтаева Галия Абаевна	Республикалық	АЛҒЫС ХАТ	Астана қ., 2024 жыл
15	Дюсекеева Меруерт Оразалиевна	Республикалық	АЛҒЫС ХАТ	Астана қ. 2024 жыл

#### Қаулы етті:

- Негізгі мектеп курсы үшін 9 сынып оқушыларын, орта мектеп курсы үшін 11 сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізу. Сонымен қатар 5, 6, 7, 8 сыныптарға қазақ тілінен емтихан өткізу.
- Даярлық сынып 31 мамырға дейін оқытын болғасын, 31 мамыр 1 сыныпқа көшірілсін. 1, 2, 3, 4 бастауыш сыныптар 24 мамыр сыныптан сыныпқа көшірілсін. Ал 5, 6, 7, 8, 9, 11 сыныптар емтихан аяқтағаннан кейін сыныптан сыныпқа көшірілсін.
- 11 сыныптар бойынша оқуларына түсуі туралы мәліметтерін тапсыру.
- 24 мамыр күні мектеп қызметкерлерін марапаттау: Қуанышова Д.О., Смагулова Б.Г., Ахметова Ш.А., Дюсекеева М.О., Смаилов М.С., Смагулова А.С., Қабылтаева Г.А.

Мектеп директоры  М.О.Дюсекеева

Іс жүргізуші  Канапиянова М.Ж.

